



**ШЕШІМ**

**29.03.2019**

Нұр-Сұлтан қаласы

**РЕШЕНИЕ**

**367/47-VI**

№

город Нур-Султан

**Нұр-Сұлтан қаласының  
аумағында мәдениет, дене  
тәрбиесін дамыту және спорт  
саласындағы мемлекеттік  
саясатты жүзеге асыру туралы**

Астана қаласы әкімінің орынбасары Н. Ж. Нуркеновтың " Нұр-Сұлтан қаласының аумағында мәдениет, дене тәрбиесін дамыту және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру туралы " баяндамасын тыңдап және талқылап, мәслихат сессиясы қалалық атқарушы органдар елордада мәдениет пен спортты жан-жақты дамыту үшін жағдай жасау жөнінде шаралар қолданатынын атап өтті.

Қазіргі уақытта қалада 67 мәдениет нысаны және 719 спорт нысаны жұмыс істейді. Қаланың мәдениет және спорт мекемелерінде барлығы 3 882 адам жұмыс істейді.

Мәдениет және спорт мекемелерін қаржыландыру 2018 жылы 27,7 млрд.теңгені құрады, оның ішінде мәдениет саласында – 15,7 млрд. теңге; спорт саласында - 11,9 млрд. теңге. 2018 жылы 4 902 402 адамның қатысуымен 8 087 мәдени іс-шара және 673 спорттық-бұқаралық іс-шараға 837 674 адам қатысты.

Театр және цирк өнерін дамыту мақсатында қалада 8 театр жұмыс істейді, оның 6-уы басқармаға қарасты. Нұр-Сұлтан қаласының театрлары ТМД және шетел театрларымен шығармашылық байланыстарды нығайтуда. Қ. Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық-драма театры, М. Горький атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театры, қуыршақтар театры, Астаналық цирк әлемдік деңгейдегі беделді театр және цирк фестивальдерінде жоғары марапаттарға ие болды.

Халықаралық және республикалық деңгейдегі мәдени орталық ретінде Нұр-Сұлтан қаласының беделін арттыруға Қазақстанда және шетелде гастрольдер ықпал етеді.

Халық үшін мәдени қызметтердің қолжетімділігі айтарлықтай өсті. Театрлар мен Астаналық цирктің орташа жылдық репертуары 500 - ден астам театр қойылымдары мен цирк бағдарламаларын, театрлар мен цирк

көрермендерінің саны - 446658 адамды құрайды. Республикалық және халықаралық сахналарда шығармашылық ұжымдар мен жеке солистер қазақстандық мәдениетті лайықты түрде танытуда. Концерттік ұйымдар Нұр-Сұлтан қаласының Мемлекеттік академиялық филармониясының, Жастар сарайының, Бейбітшілік пен келісім сарайының өкілдері болып табылады, олардың негізінде түрлі кәсіби топтар құрылды және жұмыс істейді. Олар: "Астана" эстрадалық-симфониялық оркестрі, "Жігер" эстрадалық-джаз ансамблі, симфониялық оркестр, үрмелі оркестр, халық аспаптары оркестрі, "Қорқыт" дәстүрлі музыка тобы, "Сарыарқа" дәстүрлі музыка ансамблі, "Шалқыма" халықтық би ансамблі, эстрадалық би ансамблі, камералық хор. Жыл бойы концерттік ұйымдардың күшімен 1180 іс-шара өткізілді, оған 1 680 000-нан астам адам қатысты.

Концерттік ұйымдар базасында 12 шығармашылық ұжым жұмыс істейді. Балалар театр студиялары, музыкалық театрлар, заманауи би студиялары, бейнелеу өнері студиялары, эстрадалық вокал студиялары және т.б. жұмыс істейді. Барлығы шығармашылық көркемөнерпаздар ұжымдарында 202 адам айналысады, оның ішінде тегін негізде аз қамтылған отбасылардың, көп балалы отбасылардың балалары және мүмкіндігі шектеулі балаларға жүзу бассейніне баруға мүмкіндігі бар.

Тарихи-мәдени мұраны сақтау және дәріптеу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Нұр-Сұлтан қаласында мемлекеттік тізілімге сәйкес 46 тарих және мәдениет ескерткіштері орналасқан, олардың екеуі республикалық маңызы бар ескерткіштер болып табылады.

Қаланың мұражайлары мен кітапхана жүйесінің қызметі жандануда. Мұражай қоры шамамен 9 763 сақтау бірлігін құрайды. 2018 жылы өткізілген іс-шараларға 564 271 адам қатысты, онда негізгі және ғылыми-көмекші Қордың 2270 музей заттары ұсынылды.

Нұр-Сұлтан қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесін 11 бұқаралық, 6 балалар және көзі көрмейтін немесе нашар көретін азаматтарға арналған бір арнайы кітапхана құрайды. Кітап қоры 726748 дананы құрайды, пайдаланушылардың жалпы саны - 72515. 2018 жылдан бастап Орталық балалар мен жасөспірімдер кітапханасы базасында RFID-технологиясын енгізу жұмыстары басталды.

Дене шынықтыру мен спортты дамыту және қала халқын дене шынықтыру мен спортпен айналысуға тарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша шаралар қабылдануда. Қалада барлық жастағы дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысатын қала тұрғындарын қамту қазіргі уақытта халықтың жалпы санының 29 пайызын құрайды, 2010 жылы салыстыру үшін – 18 пайызды құраған.

Басқарманың ведомстволық бағынысты кәсіпорындарында жұмыс істейтін мамандар мен жаттықтырушы-оқытушылардың ерекше рөлін атап өту қажет, олардың жалпы саны 1274 маманды құрайды, оның ішінде 328 жоғары білікті



спорт түрлері бойынша жаттықтырушы-оқытушылар. 232 штаттық жаттықтырушы-оқытушылардың 78-і жоғары жаттықтырушылық санаты бар.

Қаланың балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің 674 оқу топтарында оқитын оқушылар саны 8 113 адамды құрайды, оның ішінде 989 оқушының спорттық разрядтары мен атақтары бар. Бастапқы даярлық топтарына жыл сайынғы қабылдау 1500 баланы құрайды.

Денсаулығында әртүрлі ақаулары бар адамдардың дене дайындығы мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді. Ағымдағы жылы Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Балалар-жасөспірімдер спорт мектебі, мүгедектерге арналған мамандандырылған мектеп" КММ құрылды, кәсіпорын құрамында спорттың 18 түрінен 390 спортшы бар.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік аясында қазіргі заманғы жабдықтары бар мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған паралимпиадалық жаттығу орталығы ашылды.

Нұр-Сұлтан қаласының спорттық инфрақұрылымын дамыту бойынша шаралар қабылдануда. Ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан спорт ғимараттарының жалпы саны 719 бірлікті құрайды. 2018 жылы барлығы 48 спорт алаңы салынды.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобаларын іске асыру және объектілерді сенімді басқаруға беру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Нұр-сұлтан қаласы әкімдігінің қаулысына сәйкес "Барыс Арена" мұз сарайы мен "Қазақстан" спорт сарайы "Астана" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" Ұлттық компаниясының сенімді басқаруына берілді. "Astana Venue Management" ЖШС Барыс Арена" сарайының және Астаналық парк аумағында орналасқан Астаналық саябақ мүлкінің сенімді басқарушысы болып табылады.

Сонымен қатар, Нұр-Сұлтан қаласының аумағында мәдениет және дене шынықтыру мен спортты дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша жергілікті атқарушы орган қабылдаған шараларға қарамастан, мәслихат сессиясы осы салалардағы ерекше назар аударуды және дереу шешуді талап ететін бірқатар проблемаларды атап өтті.

"Astana" әлеуметтік – кәсіпкерлік корпорациясы "ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамына (бұдан әрі – "Astana" "ӘКК"ҰК"АҚ) коммуналдық меншік объектілерін сенімгерлік басқаруға беру қызметінің орындылығы ата-аналар жұртшылы тарапынан сұрақтар мен наразылық тудырады. "Қазақстан" спорт сарайын сенімді басқаруға беру нәтижесінде Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 4 олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" КММ оқушылары жүзумен айналысу мүмкіндігінен айырылып, бассейнді жалға алу үшін қосымша бюджет қаражатын бөлуді сұрайды. Бұдан басқа, қаланың бірқатар БЖСМ бүгінгі күні жаттығу үшін спорт залдары жоқ. Өз залының жоқтығына байланысты көркем гимнастикамен, спорттық биі және батутта гимнастикамен айналысу үшін "Думан" СК-де залды жалға алуға қосымша қаржы бөлу қажет.

Сондай-ақ "Astana" ӘКК "ҰК "АҚ сенімгерлік басқаруына берілген" «Астаналық цирк" МКҚК-ның жағдайы ерекше назар мен шешімді талап етеді, ол өз кезегінде ғимараттың бір бөлігі "GBManagment" ЖШС жалға берілді. Нәтижесінде ғимараттың өртке қарсы жай-күйіне дербес жауапты меншік иесі мен объектінің баланс ұстаушысының құқықтарының бұзылуына жол берілді. Аталған заңсыз іс-әрекеттерді жою мәселелерінен басқа, жанғыш материалдан жасалған және су ағып өтетін цирк күмбезімен болған авариялық жағдай, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін пандусты бөлшектеу және спирттік ішімдіктерді сату арқылы көңіл көтеру орындарын орналастыру алаңдаушылық туғызады.

Қалалық Төтенше жағдайлар департаменті қызметкерлері тарапынан Астаналық цирк сияқты стратегиялық нысандағы қауіпсіздік мәселелеріне дер кезінде ден қою бөлігінде өздерінің лауазымдық міндеттеріне немқұрайлы қарау байқалады.

Нұр-Сұлтан қаласының бірқатар мәдениет және спорт объектілерінде күрделі жөндеу жүргізуді қажет етеді. Күрделі жөндеу жұмыстары "Жастар" сарайы, "Қазақстан спорт сарайы", "Толқын" спорт кешені, "Жастар театры" МКҚК, "Мәңгілік ел" триумфалды арка" сынды өзекті мәселелерді қамтиды. Жүзу бассейнінің авариялық жағдайдағы тостағаны үлкен қауіп төндіруіне байланысты Жастар сарайында инциденттер болуы мүмкін.

Қалада спорт алаңдары мен бассейндердің үлкен тапшылығы бар. Қаланың 719 спорт ғимараттарының 8-і Басқарма ведомствосына қарасты, оның 5-і "Astana" ӘКК "ҰК "АҚ-ға жатады.

Көркем гимнастика бойынша мектеп және жаңа балалар спорт мектептері ашу талап етіледі, өйткені қолда бар балалар спорт мекемелері толып, материалдық-техникалық жағдайын жақсартуға мұқтаж.

Спорттық құрал-саймандар мен жабдықтарды, спорттық керек-жарақтарды сатып алуға, сондай-ақ спорттық-бұқаралық іс-шараларға қатысу кезінде спортшылардың тамақтануы мен тұруына ақы төлеуге бөлінетін шығыстардың сомасы жеткіліксіз болып табылады.

Дене шынықтыру және спорт саласындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес қала аумағында дәрігерлік-дене шынықтыру диспансері қажет, ал кәсіби спортшылардың жиынын өткізу үшін заманауи спорт лагері қажет.

Оқушылардың дене тәрбиесі бағдарламасын толық көлемде орындау үшін мектепке дейінгі мекемелер мен жалпы орта білім беру мекемелерінің материалдық базасын оқу бағдарламасының нормаларына сәйкес спорт жабдығымен жаңарту және жарақтандыру, сондай-ақ Астанада бұқаралық спортты дамыту мақсатында спорт сыныптарын ашу талап етіледі.

Білім беру мекемелерінде билеттерді сатуға тыйым салуына байланысты қала театрлары жалпы білім беретін мектептер мен колледж оқушылары тұлғасындағы мақсатты аудиторияның едәуір бөлігінен айрылды, бұл да балалар мен жасөспірімдердің рухани-адамгершілік тәрбиесі мен жеке тұлғалық қалыптасуына кері әсерін тигізеді.



Жалпы білім беретін мектептердің тығыздығы дене шынықтыру сабақтарын оқу жоспарының талаптарына сәйкес өткізуде проблемалар туғызады. Қалалық мектептердегі спорт залдарының нормасының 6-8 еседен артық толуына байланысты дене шынықтыру сабағы жарақат алу қаупі бар пәнге айналды, оның өткізілуі барысында жедел жәрдемді шақыру жиі орын алады.

Мәдениет және спорт қызметкерлерін әлсіз әлеуметтік қолдау, жалақының төмен мөлшері мәдени және спорт ұйымдарында білікті кадрлардың тапшылығына әкеледі. 1850 мәдениет және спорт қызметкерлері, оның ішінде жоғары білікті спортшылардың 80 пайызы Қолжетімді тұрғын үй алуды және тұрғын үй жағдайын жақсартуды қажет етеді.

Цирк әртістері, қуыршақ театры мен би ұжымдары үшін зейнеткерлік жасын төмендетуді көздейтін еңбек және зейнетақы заңнамасына өзгерістер енгізу туралы мәселені шешу ашық күйінде қалып отыр.

Нур-Сұлтан қаласының мәслихаты келесіні **ШЕШТІ**:

1. "Астана қаласының аумағында мәдениет, дене шынықтыру және спортты дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру туралы" баяндама назарға алынсын.

2. Астана қаласының әкімдігіне келесіні ұсыну:

- Астананың экономикалық, әлеуметтік және мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, мәдениет, дене шынықтыру мен спортты дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға, мәдениет және спорт саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің толықтығы мен сапасын бақылауды жүзеге асыруға бағытталған шаралар қабылдау;

- цирк әртістері, қуыршақ театры және би ұжымдары үшін зейнеткерлік жасын төмендетуді көздейтін еңбек және зейнетақы заңнамасына өзгерістер енгізуге бастамашылық ету;

- көп шығынды имидждік іс-шараларды жүргізуге арналған бюджет қаражатын жұмсауды қысқарту жөнінде шаралар қабылдау;

- "Astana "ӘКК" ҰК " АҚ-ға мәдениет және спорт объектілерін сенімгерлік басқаруға беру жөнінде шешім қабылдаудың орындылығы мен тиімділігі туралы мәселені қарау;

- "Астана циркі" МКҚК-ға қатысты "GBManagment" ЖШС тарапынан объектінің меншік иесі мен баланс ұстаушысының құқықтарын бұзуға жол берілген бөлігінде заңсыз әрекеттерді жою жөнінде шаралар қабылдау;

- "Астаналық цирк" МКҚК-ның өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бақылауды күшейту жөнінде шаралар қабылдау»;

- қолданыстағы заңнама шеңберінде кәмелетке толмаған балаларға келуге арналған "Астаналық цирк" МКҚК ғимаратында көңіл көтеру орындарын орналастырудың заңдылығы туралы мәселені қарау;

- мүмкіндігі шектеулі адамдардың "Астаналық цирк" МКҚК ғимаратына кіруін қамтамасыз ету үшін "GBManagment» бөлшектеген пандусты қалпына келтіру;

- "Жастар" сарайы, "Жастар театры" МКҚК, "Мәңгілік ел" Салтанат қақпасы, "Қазақстан" спорт сарайы, "Толқын" спорт кешені ғимаратын күрделі жөндеу мәселелерін ерекше бақылауға алу";

- жаңа балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінің, көркем гимнастика мектебінің, сондай-ақ бұқаралық және ойын спорт түрлерін дамыту, су тегімен, жекпе-жекпен және басқа да спорт түрлерімен сабақтар өткізу үшін қала аудандарында дене шынықтыру-сауықтыру кешендерінің құрылысын көздеу;

- "№4 олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" КММ үшін бассейнді жалға алуға және "Думан" СК көркем гимнастикамен айналысуға арналған залды жалға алуға қосымша қаржы бөлу мәселелерін қарау;

- спорттық құрал-саймандарды, жабдықтар мен керек-жарақтарды сатып алуға, сондай-ақ спорттық-бұқаралық іс-шараларға қатысу кезінде спортшылардың тамақтануы мен тұруына ақы төлеуге арналған шығыстардың бөлінетін сомасын ұлғайтуды көздеу;

- қалалық саябақта және "Астана" триатлон паркінде шаңғы-роллерлік трассаны тек спорт мақсатында пайдалану үшін шаралар қабылдау. Осы спорт объектілерінде қайғылы жағдайлардың алдын алу мақсатында тұрғындардың иттермен бірге серуендеуіне, пикниктерге және басқа да демалыс түрлеріне тыйым салатын белгілер орнату;

- оқу бағдарламасының нормаларына сәйкес оларды пайдалану мақсатында бөгде адамдар үшін жалпы орта және арнайы орта білім беру ұйымдарында спорт ғимараттарының қолжетімділігін шектеу;

- жалпы білім беретін мектептер мен колледждер оқушыларының абонементтік спектакльдерге, концерттерге және мұражай көрмелеріне баруына жыл сайын кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін "Нұр-Сұлтан қаласының білім басқармасы" ММ бюджетте қаржы бөлуді көздейтін бағдарламаны әзірлеу және енгізу;

- мәдениет және спорт саласы қызметкерлерінің тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында жалға берілетін тұрғын үй беру және пәтер үлгісіндегі шағын отбасылық жатақхана салу мүмкіндігін қарастыру;

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Нур-Сұлтан қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Нур-Сұлтан қаласы  
мәслихаты сессиясының төрағасы**



**Қ. Әбден**

**Нур-Сұлтан қаласы  
мәслихатының хатшысы**



**Ж. Нурпиисов**